

№15(154)

19 СӘУІР
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña Bastau



janabastau
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕ...

ҚАЛА ӘКІМІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖӨНІНДЕ ЖИЫН ӨТКІЗДІ

■ САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!



Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышевтің төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және оның салдарын жою жөніндегі қалалық комиссияның кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде жазғы кезеңге тән табиғи апаттардың, әсіресе дала және орман өрттерінің алдын алу, өрт сөндіру инфрақұрылымының жағдайы мен кәріз жүйелерін тазарту мәселелері қаралды.

Комиссия отырысында табиғи өрттерге дайындық және олардың алдын алу шаралары кеңінен талқыланды. Бұл бағытта жауапты қызметтерге орман және дала алқаптарында рейдтер санын арттыру, өрт қаупі жоғары аумақтарда бақылауды күшейту тапсырылды. Әкім өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ өрт сөндіру кезінде аса маңызды рөл атқаратын өрт гидранттарының техника-

лық жай-күйі туралы мәселе көтерілді. Қала бойынша олардың жарамдылығы мұқият тексеріліп, тиісті мекемелерге оларды жөндеу және қайта қалпына келтіру бойынша нақты мерзімдер белгіленді.

Комиссия отырысында қала ішіндегі кәріз жүйелерін тазарту жұмыстарының да жай-күйі қаралды. Көктемгі қар суының мол түсуіне байланысты кейбір аудандарда су басу қаупі болғаны белгілі. Бұл бағытта арнайы техниканың жеткіліктілігі мен жұмыс кестесі

нақтыланды.

Жиын қорытындысында Азамат Қапышев жауапты мекеме басшыларына көтерілген барлық мәселелер бойынша нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуын жеке бақылауына алатынын жеткізді. Әкім қаланың тыныс-тіршілігі мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ортақ міндет екенін еске салды.

Өз тілшімізден

ТҰЛҒА

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ МҰРАСЫ

2025 жылғы 17 сәуір күні Қосшы қаласының Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде қазақ халқының ұлы перзенті, ғалым, шығыстанушы, тарихшы, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың 190 жылдық мерейтойына арналған ғылыми конференция өтті.

Ауқымды шараны өткізу мақсаты – қазақ ғылымы мен руханиятының дамуына өлшеусіз үлес қосқан Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасын кеңінен насихаттау, өскелең ұрпақты білім мен ғылымға баулу, ұлттық тарих пен мәдениетке деген құрметті арттыру.

Конференция барысында көрнекті ғалымдар мен танымал шоқантанушылар сөз сөйлеп, Шоқанның ғылымдағы рөлі, оның еңбектерінің бүгінгі күнмен үндестігі, сондай-ақ оның тарихи-мәдени мұрасының маңыздылығы жан-жақты талқыланды.

Атап айтқанда, конференцияда сөз сөйлегендер қатарында:

• Жарылқап Бейсенбай – шоқантанушы, “Шоқан ізімен”, “Шоқан: тарихи-ғұмырнамалық роман-эссе” атты еңбектердің авторы.

Ол өз баяндамасында Шоқан Уәлихановтың адамдық болмысы, ғылыми ізденістері мен саяхаттарындағы көрген-түйгені, сонымен қатар заманауи қоғам үшін Шоқан ілімінің мәні туралы кеңінен тоқталды.

• Серік Негимов – ҚР еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол өзінің баяндамасында Шоқан Уәлихановтың әдебиет, тіл және фольклор саласындағы еңбектерін талдап, оның қазақ әдебиетінің дамуындағы айрықша орнына тоқталды.

Ғылыми конференцияға қала әкімдігі өкілдері, білім және мәдениет саласының қызметкерлері, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, мектеп мұғалімдері, сондай-ақ жергілікті тұрғындар қатысты. Іс-шара барысында қатысушылар Шоқан Уә-



лихановтың өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптар мен фотосуреттер көрмесін де тамашалады.

Конференция ұлттық рухты көтеріп, жастарды тарихи тұлғаларды терең тануға, ғылыми мұраға құрметпен қарауға үндеді.

Гүлназ БИСЕН



■ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ТІЛ МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

18 сәуір күні Көкшетау қаласында қазақ тілі оқытушыларының облыстық Тіл форумы өтті. Ауқымды шара тіл саясатын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді оқыту сапасын арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылды.

Форум аясында қазақ тілін оқыту мен насихаттауға ерекше үлес қосқан мамандар марапатталды. Солардың қатарында Қосшы қаласы «Тілдерді оқыту орталығы» директоры Әлия Қуатжанқызы да бар. Ұйымдастырушылар Әлияның кәсіби тәжірибесін ерекше атап өтіп, оның жұмысын өңірдегі үздік үлгілердің бірі ретінде бағалады. Алғыс хатты Ақмола облысы әкімінің орынбасары Досұлан Айтпаев табыстады.

Форум өңірдегі тіл саясатын жандандырып, тіл мамандарының мәртебесін көтеруге септігін тигізді.



ПРЕЗИДЕНТ БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде Мемлекет басшысы сөз сөйлеп, шараның маңыздылығына тоқталды.

– Осыдан бір жыл бұрын бәріміз бір ел болып «Таза Қазақстан» жобасын бастадық. Мен, ең алдымен, осы жалпыұлттық бастамаға алғашқы күннен бастап белсене қатысып жатқан әр азаматқа шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Әсіресе, солардың қатарында өздеріңіз сияқты жалынды әрі дарынды жастарымыз өте көп. Сіздер еліміздің әр аймағында еңбек етіп, қоғамдық жұмысқа атсалысып жүрсіздер. Бұл – үлгі боларлық іс. Мен Мемлекет басшысы ретінде сіздерді әрдайым қолдаймын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Фестивальге Қосшы қаласы Жастар ресурстық орталығының басшысы Мөлдір Дюсембаева да қатысып, Президент лебізін естіп қайтты.

СҮЙІНШІ!



2025 жылдың 16-20 сәуір күндері Түркияның Анталья қаласында өткен «Fibonacci Eurasia Robot Olympiad» Халықаралық чемпионатында Қазақстан атынан қатысқан Қосшы қаласының «Jana beles» балаларды дамыту орталығы «3kg Lego Sumo» жарысы бойынша 10-13 жас аралығында Байзақов Арсен III орынды иеленді. Ұстазы – Мұсахмет Даниал!

Бұл халықаралық жарысқа Иран, Түркия, Италия, Эстония, Өзбекстан, Қазақстан, Азербайжан, Грекия, Филиппин, Тәжікстан, Румыния, Кипр елдері қатысты.

Қосшылықтар қараша айында Италияның Рим қаласында өтетін ірі жарысқа жолдама алды.

МОЯ ПРОФЕССИЯ

ГОРДОСТЬ НАШЕЙ ШКОЛЫ

Особое место в истории школы и становления независимого Казахстана занимает выдающийся человек – Мастура Шамиловна Касимова. В те сложные годы, когда Казахстан только начинал свой путь как независимое государство, она приехала в аул Косшы, чтобы посвятить себя педагогической деятельности.

Это было время, когда все сталкивались с одинаковыми трудностями. В условиях нехватки ресурсов Мастура Шамиловна ночами шила, чтобы придать интерьеру школы достойный вид. Её усилия были направлены на создание уютной и благоприятной атмосферы для учеников. Эти воспоминания – олицетворение трудолюбия, самоотверженности и



любви к детям. О том времени можно было бы написать целую книгу, настолько оно было насыщенным и непростым.

Сегодня Мастура Шамиловна продолжает работать в той же школе : КГУ «№1 имени Рахимжана Кошкарбаева» в качестве завхоза. Её преданность делу, ответственность и добросовестность остаются примером для коллег и молодого поколения.

Жанна Нурмаганбетова, председатель первичной профсоюзной организации КГУ «№1 имени Р. Кошкарбаева»

ҚОЗЫ КӨРПЕШ-БАЯН СҰЛУ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАСТАРЫ ҒАШЫҚТАР КҮНІН ТОЙЛАДЫ

ЗАМАНДАС

15 сәуір – Қозы Көрпеш – Баян Сұлу ұлттық ғашықтар күніне орай Қосшы қаласында “Жанымдағы жарығым” атты тағылымды шара ұйымдастырылды. Мақсаты – жастар арасында ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру, үлгілі отбасын қалыптастыру, отбасылық өмірдің тату-тәттілігі мен береке-бірлігін насихаттау.

Шараға Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылынан келген бес жас отбасылық жұп қатысты. Олар үшін арнайы байқаулар мен ұлттық ойындар ұйымдастырылып, кеш сазды музыкалық бағдарламамен жалғасын тапты. Қатысушылар арасында “Ақсүйек” ойыны қызу тартысқа толы болды. Бұл ойында жас жұп Бауыржан мен Әлима ақсүйекті тауып, мерейлері үстем болды.

Байқау нәтижесі бойынша:

- I орын – Бауыржан мен Әлима (жас жұп)
- II орын – Әзілхан мен Айдана

(жас отбасы)

- III орын – Айтуар мен Назгүл (жас отбасы)

Жүлделі орын иеленген жұптар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мұндай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жастарды рухани байлық пен отбасылық құндылықтарға жақындата түсетіні

Лаура Амангелдіқызы,
Жастар ресурстық орталығының Жастармен жұмыс жүргізу маманы



АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ДІНТАНУШЫЛАР ДӘРІС ӨТКІЗДІ

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің арнайы жобасы аясында, Ақмола облысында Дін істері басқармасының қолдауымен бекітілген жоспар бойынша, 2025 жылдың 21-25 сәуір аралығында дін мәселелері бойынша республикалық ақпараттық-түсіндіру тобы (бұдан әрі – РАТТ) қоғамда дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру және діни экстремизмнің алдын алу тақырыбында семинарлар мен әртүрлі форматтағы іс-шаралар өткізді.



Бұл іс-шараларға РАТТ мүшелері (теологтар, дінтанушылар) қатысты: Сандыбаев Жалғас Садуахасұлы – Астана қаласы, М.Нәрікбаев атындағы университеті, Ислам және қазақ құқығы орталығы директорының орынбасары; Сабдин Аскар Калимжанович – теолог, исламтанушы; Смағұлов Марат Аманжолұлы – Астана қаласы, «Діндерді зерттеу орталығы» ЖШС теолог маманы; Тойғылы Дінмұхамед Әбубәкірұлы – Астана қаласы, «Sarsap» стратегиялық орталығының теолог маманы; Тұйғанов Мырзабек Сардарбекович – Қостанай облысы, ҚР ІІМ Қостанай академиясының ҚАЖ мамандарын дайындау орталығы жетекшісі.

Аталған жиындар Қосшы қаласы, Целиноград, Аршалы, Ерейментау, Бұланды аудандарының тұрғындары, жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттері, ұстаздар, жастар, медицина қызметкерлері арасында өткізілді. Мұнда «Қоғамда дәстүрлі отбасылық құндылықтарды дамыту», «Террористік, діни экстремистік және деструктивтік іс-әрекеттерге көзделген құқықтық жауапкершілік», «Қоғамда дінтанулық сауаттылықтың маңыздылығы» және т.б. тақырыптар қамтылды.

Аружан Дәулетқызы Қосшы қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

Жерге ағаш егілсе, елге ырыс келеді

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасының “Қамқор” жобасы аясында «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі қолға алынып, өскелең ұрпақты табиғатқа жанашыр болуға тәрбиелеу күн тәртібінен түспейтін мәселеге айналды.

Білім мекемесінің алдына ағаш егуге мектеп басшысы Сулуай Ильясованың өзі бастап баруы – жастарға үлгі болды. Мұндай іс-шаралар адамды табиғатқа жанашыр болуға, жасыл экономика мен экологиямызды таза қалпында сақтауға шақырады.

Бүгінде мектебінде қолға алынған ағаш отырғызу экочелленджі аясында соңғы үш күнде 100-ге жуық көшет егілді. Бұл – тек қана бір реттік акция емес, ел болашағына, экологияның жақсаруына, халқымыздың денсаулығы мен тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық іс.

Бұл игі бастаманың қала экожүйесіне, топырақ құнарлылығына, су ресурстарын сақтау мен жайылымдардың өнімділігін арттыруда аса маңызды рөл атқаратынын баса айтқым келеді. Әсіресе, климаттың өзгеруі, шөлейттену, жер эрозиясы сынды мәселелермен бетпе-бет келіп отырған қала үшін ағаш егу – шұғыл әрі кешіктіруге болмайтын шешімдердің бірі. Әр өңір жергілікті климат ерекшелігін ескере отырып, аймаққа бейімделген ағаш түрлерінің тұқымбақтарын



көбейту керек.

Біз табиғатты аяласақ – табиғат та бізді сақтайды. Бұл ғылыми дәлелденген аксиома. Ағаш отырғызу – бұл болашаққа қалдырған аманат. Сондықтан әрбір азамат, әрбір кәсіпкер, әрбір шаруа туған өлкесін көгалдандыруға белсене қатысуы керек. Бұл – бірімізге ортақ міндет, ортақ жауапкершілік.

руға белсене қатысуы керек. Бұл – бірімізге ортақ міндет, ортақ жауапкершілік.

Гүлбану Бажиева,
№1 ЖОББМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Бетті дайындаған **Дәулет АСАУ**

ӨНЕГЕ

АТАДАН-ӨСИЕТ, АНАДАН-ҚАСИЕТ

Иә, үлкенге құрмет көрсеткен халық кез келген жағдайда алдымен олардың бірауыз сөзіне тоқтап, ақылын аяқасты етпеген. Бірақ одан ешкім жаман болған жоқ. Дала жұмысында аталарымыз адал еңбекті дәріптесе, отбасында әжелеріміз ізгілікті, жақсылықты, әдепті кейінгі буынға өсиет етті. Енді осы үрдіс үзіліп қалмауы керек, отбасындағы әже тәрбиесі, әженің рөлі қашанда өз маңызын жоғалтпауы тиіс.

Өткен аптада Қосшы қаласында «Әжем, анам және мен» атты қалалық сайыс өтті. Бұл сайыс тек кездесудің емес, шынайы ұрпақтар үндестігін жалғайтын, жүректен шыққан жылы лебіздердің, салт-дәстүрге деген құрметтің, аналарға деген алғыстың алаңына айналды. Басты мақсат – ұлтымыздың тұғырлы болмысын дәріптеу, аналар арқылы отбасы құндылықтарын, салт-дәстүрлерімізді ұлықтау, әжелердің қоғамдағы рөлін айшықтап, ұрпақтар сабақтастығының үзілмес алтын арқауын насихаттау.

Қалалық сайысымызда отбасылар төрт кезең бойынша өнер көрсетті. Таныстыру, Сұрақ-жауап, Үй тапсырмасы (ұлттық тағамдарды алып шығу), Қазақтың ұлттық салт-дәстүрінен бір сахналық көрініс (әсіресе, ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлер) болды.

Сайысты Қосшы қаласы «Ардагерлер» кеңесі, «Әжелер» алқасы және «Аналар» кеңесі ұйымдастырды.

– Ата-баба аманатын адал сақтап, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты насихаттай білген асыл әженің қоғам үшін орны ерекше. Асыл аналарымыз бен әжелеріміздің тәлім-тәрбиесін алып, тұлғалы деңгейге жетіп, тарихта есімі қалған ұлылар қатары көп.

Сіздердің баталы сөздеріңіз бен құнды ақыл-кеңестеріңіз болашағымыз үшін аса қымбат. Ұлтжанды ұл мен қылықты қыз өсіруге қосқан үлестеріңізді әрқашан жоғары бағалаймыз.

Қартын қазынаға балаған қазақ жұрты қашанда алдыңғы буынды өзіне бағдаршам санаған. Әсіресе отбасында әже тәрбиесінің өзіндік мәні барын түйсініп, қарттардың орнын қашанда жоғары қойды. Тіпті бір бала жетістікке жетіп немесе елдің алдында көргенділігімен көптің ықыласында бөленіп жатса, «қанша дегенмен шал-кемпірдің баласы ғой» деп ерекше ықылас білдірген.



лаймыз. Сабақтастық жібін үзбей, қоғам игілігі жолындағы зор еңбектеріңіз үшін ерекше ризашылығымды білдіремін. Жаулықтарыңызды кір шалмай, ұрпақ алғысына бөлене беріңіздер, деді «Әжелер» алқасы төрайымы Елеуен Төкенқызы.

Иә, әже – әр үйдің берекесі, алтын қазығы, әр шаңырақтың тірегі. Әженің ертегісі, атаның ақылы ұлттық құндылығымызды дәріптеудің негізі екеніне ешкім дау айта алмас. Ақжаулықты әжелер баланы жастайынан бауырына басып, оның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре білді. Ал ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді бой-

ына сіңірген баланың тура жол-дан жаңылмасы анық. Бір сөзбен айтқанда, қазақ қоғамында бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда әжелер де өзіндік қолтаңбасын қалдырғанын жақсы білеміз.

Бүгінде ұрпақ тәрбиесінде көптеген түйткілді мәселе бар, оны мойындауымыз керек. Осы ретте білім беруде, тәрбиелеуде әртүрлі жаңашыл жобалар қолға алынғанымен, ұрпақты ұлт тамырынан ажыратпауда әже тәрбиесі тағы да маңызды рөл атқарады. Тіпті біздің қоғам, қазіргі ұрпақ бұған әрдайым мұқтаж десек, артық айтқанымыз болмас. Осы ретте ұлт мүддесі үшін

бірігу – бәрінен маңызды. Ал солынтымақты, бірлікті насихаттауда әже тәрбиесі қашанда өз маңызын жоғалтпайды.

Мектептен тек әріп танып, білім алса, ата-әжеден салт-дәстүрлеріміз бен қазақы тәрбиені бойына сіңіреді. Бұрындары «кімнің баласысың» деген сауалға бала «атамның» немесе «әжемнің» деп жауап беретін еді. Әрине, бала жүрегі қанша жерден «әке» деп тұрса да, атаның атын биік тұтатын. Бұл да тәрбиенің бір түрі десек те болады. Үлкенді сыйлау және құрмет тұту керек екені көрініп-ақ тұр. Қазіргі кезде «әже» деген сөздің өзі

жиі айтылмайтын болған. Тіпті, бүгінгі заман балалары арасында «әжека» деп атап кеткендері де бар. Өмірден көргені мен білгені мол ақ жаулықты әжеден бала тілі де тез шығады. Себебі ол кісілер кішкентай баламен үлкен адамдар секілді сөйлесіп, қазақтың байырғы ән-жырлары мен ел басынан өткен тарихты естіп өседі.

Бала бойына әже тәрбиесінің де керек екенін білгеніміз жөн. «Ел ертеңі – бүгінгі жастар» дегендей, алдағы жас буынға да әже тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін көрсетейік. Ауылды ақсақал билесе, отбасындағы тәрбиеге әже жауапты екенін де біліп жүргеніміз абзал.

Сайысымыздың қазылар алқасы мүшелері: ұлттық тағамды өндіруші және насихаттаушы жеке кәсіпкер Сымбат Бопанқызы, меценат, ҚР үздіксіз білім беру қауымдастығы Ақмола облысы бойынша филиалының директоры Шолпан Ғажайыпқызы, Қосшы қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Замандас» халықтық ардагерлер хоры мен «Есіл-Нұра» ұлт аспаптар ансамблінің ұйымдастырушысы Қабылбар Көпжасарұлы, Еңбек ардагері домбырашы-әнші Баян Ахмадияқызы, «Әжелер» алқасының төрайымы, осы – «Әжем, анам және мен» жобасының ұйымдастырушысы Елекен Төкенқызы.

Сайыс соңында «LAILA» өнер-білімге тәрбиелеу орталығының оқушысы Ғазиза Мейрамбай «Қазағым әні» шырқап, көрермендердің көңілін бір желпіп алды.

«Әжем, анам және мен» сайысына сегіз отбасы қатысты. Бірлік жәнеынтымақ, еңбекқорлық пен отбасындағы татулықты дәріптейтін сайыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қатысқан әрбір отбасына қаржылай сыйлықтар мен арнайы сыйлықтар мен дипломдар берілді.

Гүлбану Аманбайқызы,
Қосшы қаласы «Аналар»
кеңесі мүшесі

ТӘЛІМ

Балабақшадағы құм терапиясы

Құм терапиясы балабақшада баланың эмоционалдық қиындықтары мен сезімдерін білдіруге көмектеседі. Бала еркін ойнаған кезде өзінің жасағысы келген нәрсесін көрсете алады. Олар сезімін вербальді түрде (сөзбен) көп жеткізе бермейді. Сезімі мен ойын сөзбен көрсетудің орнына бала құмға қандай да бір ойыншығын көміп тастап, оны сызуы, батыруы және т. б. істеуі мүмкін. Бұл қимылдары кезінде бала өзін кішкентай әлемінің қожайыны сезініп, құм алаңында желі алған драмалық оқиғаның «режиссері» болып табылады.



Балабақшада құм терапиясын психолог ғана емес, педагогтар да пайдалана алады. Құмдағы дамыту сабақтары білім берудің стандартты тәсілдерінен де тиімдірек. Құм баламен қарым-қатынас орнатудың керемет тәсілі. Егер бала дұрыс сөйлей алмаса және ересектерге өзінің уайымы туралы айта алмаса, құммен ойнаған кезде бәрі сыртқа шығаруы мүмкін. Құмнан суреттер жасау арқылы кішкентай фигуралардың көмегімен өзін толғандырған жайтты көрсете отырып, бала ашылады және ересектер баланың ішкі жан-дүниесін көре алады және құм терапиясы барысында ол міндетті түрде құмның сыртына шығады.

Алайда, бұл балабақшадағы құм терапиясының жалғыз жағымды жағы емес, ол ұсақ моториканы жақсы дамытады, құм өзінің құрылымы арқасында қол қабылдауымына жақсы әсер етеді және саусақтың басындағы нервтік жүйені белсендіреді, қиялды, шығармашылық қабілетті, ойлау қабілетін және т.б. арттырады. Ғалымдар құмның жаман энергияны өзіне тартып алатынын, адамды тыныштандырып, гармонияға толтыратынын дәлелдеді.

Балабақшада құм терапиясы ойын түрінде өткізіледі: Сезімтал алақан - ыстық-суықты, жұмсақ-қаттыны,

құрғақ-ылғалдылықты сезіну. Қолымыздың ізі – құмда өздерінің аяқтарының, алақан іздерін қалдырғанды, саусақтарымен жануарлардың іздерін салғанды ұнатады. Сонымен қатар, өз аяқ-қолын құмның астына жасырғанды ұнатады.

«Құпия» ойыны. Құмда не жасырылған. Құмда кез келген ойыншық жасырынады, бұл ретте құпия жерге белгі қояды, бала құпияны қазып алуы тиіс, сосын өздері осыны қайталайды.

Құмдағы суреттер – таяқша арқылы әріптер, сандар, бейнелер салуға болады. Бұл оңай жаттығулар баланың психикасының дамуында үлкен мәнге ие. Біріншіден, құммен бұлай әрекеттесу эмоциялық жағдайды тұрақтандырады.

Екіншіден, ұсақ моториканы дамыту арқылы, біз баланы өзін-өзі тыңдауына, өз сезімдерін айта білуге, сөйлеу қабілетін дамытуға, назар салуын дамытуға, есте сақтау қабілетін жақсартуға көмектесеміз. Ең бастысы, бала рефлексияның алғашқы тәжірибесін алады, өзін және өзгені түсіне білуге үйренеді.

Қалипа Меңлібекқызы,
«Алтын дән» балабақшасы тәрбиеші

ӨНЕР

Қосшы қаласында Ақмола облысының педагог-хореографтары мен би ұжымдарының жетекшілеріне арналған «Қазақ халық биін ұйымдастыру және қою ерекшеліктері» атты шеберлік сыныбы өтті.

Хореографтарға арналған шеберлік сыныбы



Қазақ биі – ұлттық рух пен салт-дәстүрдің айнасы. Ол халықтың жан дүниесі, табиғатпен байланысы мен дүниетанымын көрсететін би өнерінің жарқын үлгісі. Осы асыл өнерді дәріптеу мақсатында өткен шеберлік сыныбын Қазақ ұлттық хореография академиясының аға оқытушысы, Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының «Гүлдер» ансамблінің бас балетмейстері Анвара Садыкова

жүргізді.

Іс-шараны Ақмола облыстық халық шығармашылығы және мәдени демалыс орталығы ұйымдастырды. Шараның басты мақсаты – хореографтардың өзара тәжірибе алмасуы, кәсіби шеберлікті жетілдіру, сондай-ақ қазақ биі арқылы ұлттық өнер мен дәстүрді сақтау әрі дамыту.

Шеберлік сыныбы соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

«AMANAT» АТҚАРҒАН ІС АУҚЫМДЫ

- «Бақытты отбасы» партиялық жоба аясында балалардың ыстық тамақ сапасы мен қауіпсіздігін сақтау бойынша Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы А.Бертісбаевтың қатысуымен «Білім» бастауыш партия ұйымының №2 мектебінде мониторинг жүргізілді.
- Қосшы қалалық мәслихатындағы «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясының жиналысы өткізілді.
- «AMANAT» партиясы Қосшы қалалық филиалының мобильді қоғамдық қабылдауы мекемелерге шығу жұмысының аясында қаламыздағы Р.Қошқарбаев атындағы №1 мектепте және «Қосшы су» мекемесінде азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдады.
- «Таза Қазақстан» акциясы аясында қалалық филиалдың өкілдері таза бейсенбілік іс-шарасына қатысты.
- «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасы аясында Қосшы қаласында 31 наурыз - 04 сәуір және 07 сәуір -11 сәуір аралығында банктер мен микро қаржы ұйымдарында несиелерінің мерзімі өткен азаматтарға арналған тегін оқыту өткізілді. Оқытуды Ақмола облысы бойынша «Қарызсыз қоғам» жобасының жетекшісі Ж.Асқарова жүргізді.
- Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына орай «AMANAT» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасының шеңберінде бастауыш партия ұйымдары мен білім қызметкерлері арасында волейболдан турнир өтті.

ШАХМАТ

Қосшы қаласының ардагерлер орталығында Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына орай «AMANAT» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасының шеңберінде ардагерлер арасында шахматтан турнир өтті.

Аталған іс-шараға Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, филиалдың партиялық бақылау комиссиясының төрағасы А.Төребаев, қала мәслихатының төрағасы Ә.Қуатбеков, партия филиалының атқарушы хатшысы Р.Сейдахметов, қала мәслихатының депутаты Д.Кәкімжанов, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Абақов, кеңестің орынбасары Ә.Айнабаев және белсенді ардагерлеріміз қатысты.

Партия өкілдері шахмат сайысының алдында қариялармен кездесіп, олардың қаламызды дамыту бағытында, атқарылып жатқан жұмыстар жайында ұсыныс, пікірлерін тыңдады. Сондай-ақ аға буын өкілдері партияның қызметіне табыс тіледі.

Одан кейін шахмат үстеліне отырған ардагерлер өзара сайыстың көркін қыздырды. Турнир соңында жеңімпаз атанған және белсенді қатысқан ардагерлер арнайы дипломмен, алғыс хаттармен марапатталды.



ВОЛЕЙБОЛ



Қосшы қаласында Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына орай «AMANAT» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасының шеңберінде бастауыш партия ұйымдары мен білім қызметкерлері арасында волейболдан турнир өтті.

Аталған іс-шараға Ақмола облыстық мәслихатының депутаты А.Төребаев, партия филиалының атқарушы хатшысы Р.Сейдахметов, қала мәслихатының депутаты Д.Кәкімжанов, білім бөлімінің басшысы Қ.Ахметов және «Білім» бастауыш партия ұйымының төрайымы Г.Мейірманова қатысты.

Турнирге 11 команда қатысып, тартысқа толы өткен жарыстың жеңімпаздары анықталды. 1-орынға Тайтөбе ауылының орта мектебі ие болса, 2-орынды N3 орта мектебі иеленді. Ал, 3- орын Қосшы қаласының гимназиясына бұйырды. Ойын барысында белсенділік танытқаны үшін «Үздік үйлестіруші», «Үздік шабуылшы», «Үздік ойыншы» және «Үздік қорғаушы» аталымдары анықталып, арнайы алғыс хаттармен марапатталды.

ТІРШІЛІК ТҮЙТКІЛДЕРІ

«AMANAT» партиясы Қосшы қалалық филиалының қоғамдық қабылдауында партия филиалының атқарушы хатшысы Р.Сейдахметов қала тұрғындарын жеке мәселесі бойынша қабылдады. Онда жұмысқа орналасу және банкрот туралы сауалдар қойылды.

Тұрғындардың барлық сұрақтары мұқият тыңдалып, қолданыстағы заңнама шеңберінде түсініктеме берілді, ал банкрот туралы «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қаламызда өтіп жатқан оқуға онлайн форматта қатысуға шақырды, онда тегін заңгерлік көмек алуына болады.

ТҰРМЫСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Бүгін Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, қалалық филиалдың партиялық бақылау комиссиясының төрағасы А.Төребаев «AMANAT» партиясы Қосшы қалалық филиалының қоғамдық қабылдауында қаланың тіркеу және жер кадастры бөлімі басшысының міндетін атқарушысы А.Кайруллинді қабылдады.

Маман қабылдау барысында

тұрғындар тарпынан жиі көтерілетін сұрақтарға, оның ішінде жылжымайтын мүлікті және жер учаскелерін тіркеу (рәсімдеу), картадағы мекен-жайларды өзгерту, кадастр төтқұжатын алу, қалада әділет бөлімін және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын ашу туралы және тағы басқа сауалдарға қолданыстағы заңнама шеңберінде тұщымды жауап берді.

«Jana Bastau» газетіне оңай жазылыңыз!

Құрметті оқырмандар!

«Jana Bastau» – Қосшы қаласының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газетіне 2025 жылға жазылу жалғасып жатыр!

Жазылу енді бұрынғыдан да оңай!

Kaspi.kz қосымшасы арқылы ешқайда бармай-ақ, бар болғаны 1 минутта жазылыңыз!

Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөзге жазылу → «Jana Bastau» газеті

«Қазпошта» бөлімшесінде жазылуды рәсімдеу

Жазылым бағасы:

Жеке тұлғаларға – 7000 тг

Занды тұлғаларға – 7500 тг

Қазақ және орыс тілдерінде аптасына 1 рет шығады. Ең өзекті жаңалықтар, экономика, қоғам, мәдениет және саясат.

Жазылымға дәл қазір тапсырыс беріңіз!

Байланыс: +7 701 709 88 82

«Jana Bastau» – сіздің қалаңыздың үні!

Подпишитесь на газету «Jana Bastau» легко и удобно!

Уважаемые читатели!

«Jana Bastau» – социально-экономическая и общественно-политическая газета города Косшы. Продолжается подписка на 2025 год!

Подписаться теперь проще, чем когда-либо!

Через приложение Kaspi.kz – оформите подписку всего за 1 минуту, не выходя из дома!

Kaspi.kz - Платежи - СМИ - Газета «Jana Bastau»

В отделении «Казпочты» – оформите подписку

Стоимость подписки:

Для физических лиц – 7000 тг

Для юридических лиц – 7500 тг

Выходит 1 раз в неделю

На казахском и русском языках

Актуальные новости, экономика, общество, культура, политика

Оформите подписку прямо сейчас!

Контакты: +7 701 709 88 82

«Jana Bastau» – голос вашего города!

Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары
Гүлнәз БИСЕН

Веб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Асылжан КҮНТУҒАН

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Майгүл ХАРИҒАЗЫ
Нөмердің кезекшісі
Гүлнәз БИСЕН

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz